

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Павлодар қаласының Ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 шілдедегі N 736 қаулысы

Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Павлодар қаласының Ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Павлодар қаласының Солтүстік ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Павлодар қаласының Оңтүстік ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - мекемелер) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

- 1) мекемелердің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі